




МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

mmgpress mangistaumunaigaz_jsc mmginfo

№01 (183), ҚАҢТАР-АҚПАН, 2025



ЖЕТІБАЙ КЕН ОРНЫ: ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ МЕН ЖӨНДЕУ



Маңғыстау облысына жұмыс сапары барысында «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов Жетібай кен орнында болды. ҚМГ басшысы қызметкерлердің еңбек жағдайларымен танысып, өндірістік нысандарды аралады. Инфрақұрылымды жаңғырту мен операциялық тиімділікті арттыру мәселелері бойынша кеңес өткізді.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-на қарасты «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасындағы кеңесте Қоғам басшылығы 2024-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту жөніндегі Жол картасының орындалуы туралы есеп берді.

2025 жылы Жетібай кен орнында 550 орындық вахталық ауыл салуға, Қаламқас кен орнында заманауи асхана, мәдени-демалыс кешенін және жатақхана тұрғызуға жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу жоспарлануда. Сондай-ақ, 9 жаңа нысан салып, 68 өндірістік және әлеуметтік нысандарды жөндеу жоспарланып отыр.

Кеңес қорытындысы бойынша ҚМГ басшысы операциялық тиімділікті арттыру, геологиялық-техникалық іс-шараларды сапалы орындау, шығындарды оңтайландыру мен қызметкерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту бойынша Жол картасы пункттерін одан әрі орындау жөнінде тапсырмалар берді.

Сондай-ақ А.Хасенов ММГ кәсіподақ өкілдерімен кездесті. Басқосуда еңбек жағдайларын жақсарту, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және т.б. мәселелер талқыланды.

Маңғыстаумұнайгаз жоғары өндірістік нәтижелер көрсетуде. 2024 жылы мұнай өндірудің жалпы көлемі 6,17 млн тоннаны құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 18,9 мың тоннаға артық. Ағымдағы жылы мұнай өндіруді 171 мың тоннаға ұлғайтуға мүмкіндік беретін 121 эксплуатациялық ұңғыма бұрғыланды. Компания өндіру тиімділігін арттыратын геологиялық-техникалық іс-шараларды (қабаттың гидравликалық жарылуы, үстіңгі қабатқа ауыстыру) сәтті жүзеге асыруда.

2025 жылға арналған мұнай өндіру жоспары — 6 млн 165 мың тонна.

Маңғыстаумұнайгаз еліміздегі ең ірі салық төлеушілердің бірі. 2024 жылы компания мемлекеттік бюджетке жалпы сомасы 304 млрд теңге аударымдар мен салық төледі.

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУЛЕР ӨТКІЗДІ

13-14 ақпан күндері "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы Басқармасы "Жетібаймұнайгаз" және "Қаламқасмұнайгаз" өндірістік басқармалары еңбек ұжымдарымен 2024 жылдың қорытындылары бойынша кезекті есептік кездесулер өткізді.

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы Бас директорының бірінші орынбасары Болат Сүлейменұлы Сейтамағанбетов 2024 жылы атқарылған жұмыстар туралы баяндап 2025 жылы Қоғам алдына қойылған негізгі міндеттер мен жоспарлар жөнінде айтып берді. Атап айтқанда Болат Сүлейменұлы мұнай қорын ұлғайту,

Жетібай кен орны қызметкерлерінің жұмысын ауысымдық режимге ауыстыру, кенорындарындағы әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту секілді мәселелерге байланысты жоспарлармен бөлісті.

Жиында Басшылық орынбасарлары жиналғандар алдында өз



жұмыстары туралы есеп берді. Есептік кездесулерде өндірістік басқармалар қызметкерлері Қоғам басшыларына көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып егжей-тегжейлі жауаптар алды. Шешімін шығаруды уақыт қажет ететін

сұрақтар хаттамаларға енгізіліп Басқарманың жеке бақылауына алынды.

Жыл қорытындысы бойынша мұндай басқосулар бекітілген кестеге сәйкес жалғасын табады.



2024 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ



2024 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да жоспар бойынша 6 161 181 тонна, іс жүзінде 6 169 780 тонна мұнай өндірілді. «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бойынша мұнай өндіру 3 599 570 тоннаны, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ - 2 570 210 тоннаны құрады.

2024 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кен орындарында 121 пайдалану ұңғымасы бұрғыланды, бұл мұнай өндіруді 170 942 тоннаға ұлғайтуға мүмкіндік беріп, межелі жоспардан 33 841 тоннаға асып түсті.

Сонымен қатар, гидравликалық қабаттың үзілімі (ГҚУ), аз тонналы скин-ГҚУ, жоғары жатқан қабаттарға ауыстыру (ЖЖҚА), су ағынын шектеу және т.б. сияқты бірқатар геологиялық-техникалық іс-шараларды табысты орындаудың арқасында қосымша мұнай өндіру 439 662 тоннаны құрады, бұл жоспарлы көрсеткіштен 90 716 тоннаға артық.

2024 жылдың қорытындысы бойынша «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бюджетке жалпы сомасы 304 млрд теңгеге салықтар мен аударымдарды (әлеуметтік төлемдерді қоспағанда – МЗЖ, МӘМС және т.б.) аударды. «Маңғыстаумұнайгаз» - Қазақстан Республикасының ірі салық төлеушілерінің бірі.

Компанияның тұрақтылығы мен сенімділігінің дәлелі 2024 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «QACS International жүргізген сыртқы сертификаттау аудитінің нәтижелері», «Сапа менеджменті жүйесі», ISO 45001:2018 «Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі», ISO 14001:2015 «Экологиялық менеджмент жүйесі» стандарттарының сәйкестігіне халықаралық үлгідегі сертификаттарды тапсыру болды.

СТРАТЕГИЧЕСКАЯ СЕССИЯ

В акционерном обществе «Мангистаумұнайгаз» прошла стратегическая сессия, направленная на определение ключевых направлений развития компании на ближайшие годы.

Мероприятие объединило всех руководителей компании, для совместной работы над стратегическими инициативами, которые позволят компании адаптироваться к изменениям рынка и усилить свои позиции в нефтегазовом секторе.

Основные цели стратегической сессии - это обсуждение текущих вызовов и возможностей в отрасли, разработка стратегических приоритетов компании на 2025-2030 годы, определение ключевых проектов и направлений для повышения эффективности производственных процессов и внедрения новых технологий, а также формирование плана действий для обеспечения устойчивого развития компании.



В рамках сессии участники провели анализ, обсудили инновационные подходы к развитию бизнеса и изучили возможности перехода на более экологичные и эффективные технологии добычи.



КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК – САПАЛЫ ӨНДІРІС КЕПІЛІ

Мұнай-газ саласында сапа мен қауіпсіздік басты назарда. Қара алтын өндірісінің әр кезеңі қатаң бақылаудан өтпесе, жұмыс үдерісінің тиімділігіне, ең бастысы – адамдардың қауіпсіздігіне нұқсан келуі мүмкін. Сондықтан бұл салада өз ісінің шеберлері, терең білім мен мол тәжірибені ұштастырған мамандар ауадай қажет.



Осы орайда елордада өткен «Қазақстан Республикасының үздік дефектоскописті» байқауы – өндірістік қауіпсіздік пен сапаны жетілдіруге бағытталған маңызды шаралардың бірі. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ атынан қатысқан 5-дәрежелі дефектоскописттер Біржан Нұрбосынов пен Бауыржан Адамғалиев күрделі тапсыр-

маларды сәтті орындап, кәсіби біліктіліктерін тағы бір мәрте дәлелдеді. Бұл – олардың қажырлы еңбегінің, өз ісіне деген адалдығының және үздіксіз даму жолындағы ұмтылысының жемісі.

Компания үшін білікті маман – ең құнды ресурс. Сол себепті «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлердің кәсіби дамуына ерекше мән беріп келеді. Жыл сайын мұнайшылардың біліктілігін арттыруға 500 млн теңгеден астам, ал олардың балаларының білім алуына 200 млн теңге бөлінеді.

Жылына 4 мыңнан астам қызметкер түрлі бағыттағы курстардан өтеді. Олардың қатарында МВА бағдарламалары, өндірістегі жұмысшыларды модульдік оқыту, еңбек заңнамасы, ағылшын тілі, Excel, PowerPoint, еңбек мәдениеті мен уақытты басқару тренингтері бар. Мұнайшыларға тек кәсіби білім беріп қана қоймай, олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау – компанияның басты ұстанымдарының бірі.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ҚАЛАСЫ БОЙ КӨТЕРДІ



10-16 ақпан аралығында Астана қаласында «Жұмысшы мамандықтар қаласы» интерактивті көрмесі өз жұмысын бастады. Бұл шара еліміздің өндірістік саласындағы кәсіби мамандықтарды кеңінен насихаттауға және жастардың еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтармен жақын танысуына бағытталды.

Көрмеге «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес кәсіпорындарынан келген өндірістің білікті өкілдері – мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын жөндейтін токарьлар, дефектоскопистер, сандық бағдарламалық басқару станоктарының электроника инженерлері, аспапшылар, мұнай-газ химиясы саласының технологтары, мұнай және газ өндіру шеберлері, мұнай өңдеу зауыттарының технологиялық қондырғыларының операторлары сынды мамандар қатысып, өздерінің күнделікті жұмыстарының ерекшеліктерімен бөлісті. Олардың қатарында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның үздік дефектоскопист маманы Біржан Нұрбосынов та

бар. Ол көрмеге келушілерге өз жұмысын таныстырып, өндірістегі маңызды әрі жауапты мамандықтың қыр-сырын түсіндіруге мүмкіндік алды. Біржанның айтуынша, дефектоскопия – металл конструкциялары мен құбырларды зақымдануларға тексеріп, өндірістің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды сала. Көрме жұмысшы мамандықтарын таңдауды жоспарлап жүрген жастар үшін баға жетпес мүмкіндік болды. Мұнда келушілер өздерін қызықтырған кәсіп туралы жан-жақты мағлұмат алып, білікті мамандармен тікелей сұхбаттасу арқылы еңбек жолын дұрыс бағыттауға көмектесетін құнды ақпарат алды.



ҚАЛАМҚАС КІТАПХАНАСЫ ЖАҢАРТЫЛЫП, ОҚЫРМАҢДАРЫН КҮТЕДІ

Қаламқас кен орнындағы кітапхана жөндеуден өтіп, Мұнайшылар үшін жаңартылған кейіпте қайта ашылды. Мұнда заманауи жиһаздар қойылып, 130-дай жаңа кітап сөрелерді толықтырды.

Жаңартылған кітапхана мұнайшылар үшін кәсіби білімін жетілдіруге, көркем әдебиет арқылы рухани тынығуға, шығармашылық дамуға мүмкіндік береді. Қорда мұнай-газ

саласына арналған техникалық әдебиеттер, тарихи және мотивациялық кітаптар, классикалық шығармалар бар. Тағы да 584 дана жаңа кітап алынып, жақын күндері қызметкерлердің оқуына қолжетімді болады.

Қаламқас кітапханасы енді оқырмандарын жылы атмосферада қарсы алып, білім мен шабыт алуға шақырады.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Жетістік те, табыс та – еңбектің жемісі

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы №1 Мұнай және газ өндіру цехының 5-дәрежелі операторы Хадиша Нұрашева 1983 жылдан бері 23-топтық қондырғыда қырық екі жылға жуық уақыт бойы тапжылмай жұмыс жасап келеді. Компанияның ілгері дамуына өзіндік үлес қосып жүрген нәзік жандының тәлімі де, түйгені де мол. Бір орында тұрақты түрде осыншама жыл қызмет ету – оның атқаратын жұмысына деген ықыласын, адалдығы мен сүйіспеншілігін білдіретіндігі сөзсіз.



Жас мамандарға қолдау көрсетіп, білмегенін үйретіп отырамыз. Технология жаңарып, қазіргі жұмыс барысы біршама жеңілдеді ғой. Жұмысқа деген жауапкершілікті үнемі естен шығармай, таңның атысы, күннің бастысында нәтижелі еңбек үдесінен шығуды көздейміз, - дейді мұнайшы Хадиша.

Маусымдық ауа райының құбылмалы көрсеткіштеріне қарамастан, ер азаматтармен иық тіресіп еселі еңбек етіп жүрген әр мұнайшының жұмысы күрделі де жауапты. Тәуліктік мұнай беру нормасын есептейтін автоматты жүйені жіті бақылап, бұрғылау қондырғылары мен жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және мониторинг жасау, технологиялық процесті жүргізу және үздіксіз жұмысты қамтамасыз етуді көздейтін опера-

Жұмыс орнына келгеннен бастап кешке дейін еңбек міндеттерін тиінақты атқаратын әріптесіміздің тәжірибесінің жеткіліктілігінен болар бәлкім, Хадиша Демеуқызы кейінгі буынның әлі күнге дейін жұмыстың қыр-сырын өзінен сұрайтындығын алға тартты:

- Өндіріске орналасқаным да біраз жыл болыпты. Цехтағы бірге жасайтын әрбір мұнайшының бір-біріне деген құрметі басым, ауызбіршілігі мықты.

тордың еңбек міндеттерін қалтқысыз атқару – Хадиша сынды еңбек адамының күнделікті үйреншікті дағдысына айналып кеткен. Еңбекті кірістің көзі, ырыстың өзі деп ұғатын мұнайымдық ару кез келген мамандықтың өз ерекшелігін айта отырып, тұлғаның еңбектің арқасында ғана айнала қоршаған ортаға, елге, өз отбасына және қоғамға пайдалы болатындығын тілге тиек етті.

Мұнайшы еңбегі – қашанда марапат мінберінің тұғырынан түспегендігін ескерсек, озаттар қатарынан

көрінген Хадиша апайдың Компания тарапынан берілген бірнеше марапаттары мен мақтау қағаздары, сондай-ақ ҚР Энергетика министірлігінен таққан төсбелгісі де бар. Сонымен қатар, кейіпкеріміз үміт еткен көзінің нұры – студент қызғалдақ тәрбиелеп отырған ана. Бар жақсыны бала болашағына арнайтын, өндіріс игілігі үшін аянбайтын еңбек адамына біз де өз тарапымыздан денсаулық, берекелі табыс тілейміз.



Жаны жайсаң Биғанша



Автоматтандыру, ақпараттық технологиялар және байланыс департаментіне тұрақтайды.

Отыз үш жылды қамтитын еңбек жолында: Игорь Горинев, Л.К. Қиынов, Ө. Сағындықов сынды игі жақсылардан тәжірибе әрі сабақ алғандығын арқау еткен ол:

- Адам баласы құдайдың берген қабілеті бойынша кез келген істі игеріп кетеді ғой. Өзім түрлі салаларда жұмыс істей жүріп, небір жақсы адамдармен дәмдес, ұжымдас болдым. Сол кездегі үйретері көп озық ойлы тұлғалардың тәлім-тәрбиесі менің бойыма жұмысқа деген жауапкершілік пен адалдықты

сіңірді. Жақсы маман болу да, жақсы адам болу да тек қана өзіңе байланысты, - дейді.

Әдемілікке жаны құштар Биғанша Өксікбайқызы бүгінде зейнет жасқа шыққалы отырған аяулы ана, заманауи әйел. Жан саулығы мен тазалығын, үнемі бірқалыпты формада жүруінің негізін – спортпен байланыстырады ол. Көп жылдан бері кеңсеге ертемен жаяу келіп, үйіне жаяу қайтады екен.

- Жаяу жүру - жүрек пен қан тамырлары ауруларының алдын алудың, ұзақ өмір сүрудің қолжетімді әдісі деп білемін. Кез келген адам жасына да, дене шынықтыру деңгейіне

де қарамастан қалаған уақытта жаяу жүре алады. Ол үшін ыңғайлы аяқ киім мен жақсы көңіл-күй ғана жеткілікті, - дейді мұнайымдық ару.

Өз кезегінде әр жақсының бір тұщымды қасиетін көңіл қоржынымызға тоқитын біз де, құрметті демалысына шыққан әріптесімізге ақ жол тіледік. Еңбек майданынан алған марапаттарыңыз бен байрақтарыңыз мерейіңізді өсіріп, көрер қуанышыңыз көбейсін! Нағыз демалыстың жарқын сәттері көп болсын!

Айсұлу Мұханова

ӘҚД 1-санатты аудармашысы

Байсалдылығы мен байыптылығын, тектілігі мен тәрбиелілігін бойына жиған Биғанша апай үнемі айналасына нұрын шашып жүретін келбетті жан. Жұмыс барысымен қоңырау шала қалсаң, айтқан ісінді тәптіштеп сұрап алып, тындырмай қоймайды. Қоғам бойынша компьютерлік техникаға байланысты туындаған сұрақтар мен ақаулар жөніндегі өтінімдерді қабылдап, Тапсырыс берушінің қалауын санаулы уақытта шешуге атсалысатын қызметі - оның мұқияттылығы мен ыждағаттылығынан хабар береді.

Әңгімеге арқау етіп отырған жұмыскеріміз Биғанша Қамысбаева өзінің мұнай саласындағы еңбек жолын 1992 жылы «Комсомольскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасында машинистка болып бастаған көрінеді. Санаулы жылдарда еңбек қабілетіне қарай Орталық инженерлік-технологиялық қызметке басқару пультінің операторы ретінде ауысып, кейін Компьютерлік желілер және коммуникациялар бөлімінің есептеу орталығының ТҚКТ технигі ретінде



Биік асуларды бағындырған Базекең

1934-35 жылдарда туған, жастары 90-ға шыққан, немесе енді шығатын мұнай барлау саласындағы ағалар саны, саусақпен санарлықтай. Уақыт деген ешкіммен санаспайды екен, оған ештеңе жасай алмайсың, өз заңдылығымен жүреді. Ежелгі Маңғыстауды өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап, «қазыналы түбекке» айналдырған мұнайбарлаушыларының алдыңғы сапында болғандар арасында, МНГР-дың бұрғылау шебері Қосмағамбетов Базарбайдың алатын орны ерекше.

бригадасына жүктелді. Ұңғы жобалық тереңдікке жеткізілді.

1975-1990 жылдарда бұл бригада Солтүстік Үстірт және Каспий бойы ойпатындағы Мыңсуалмас, Ащытайпақ, Шөмішті, Қолтық және Елемес алаңдарында тереңдігі 4500-4900 метр болатын параметрлік зерттеу және барлау ұңғыларын қазды, Өлі Қолтық, Елемес алаңдарынан мұнай-газ қорларының табылуына өз үлестерін қосты. Базекең өміріндегі елеулі белестердің бірі, жобалық тереңдігі 5000 метр болатын, Шөмішті-1П барлау ұңғысын бұрғылауы еді. Жабдықтау саласындағы кідірістерге қарамастан, үлкен ізденістер нәтижесінде ұңғы тоқтаусыз қазылып, жобалық тереңдікке мерзімнен бұрын жеткізілді. Экспедиция мамандарымен бірлесе отырып, Базекең жер қыртысындағы жоғарғы температура мен қабат қысымына байланысты бұрғы қашауларын таңдап, сол кездегі жаңа техника нәтиже есептелінетін алмас қашауларын көптеп пайдалану да оң нәтижесін берді. Коммерциялық шапшаңдық жобадағы межеден 25-30 пайызға көбейтіліп, қазуға берген мерзім 30 тәулікке қысқартылды, мемлекеттің 538 мың сом қаражаты үнемделінді. Нәтижесінде, Б.Қосмағамбетов бригадасы одақтық министрлік бойынша жеңімпаз атанды. Ұзақ жылдар бойы Одақ, Республика, облыс және бірлестік көлеміндегі жарыстарда үздік шығып, ауыспалы Қызыл Тулар мен жүлделі орындарды иемденді. Кәзіргі жастарға түсіну қиын болса да шынық солай, комсомол ұйымының ұсынысы негізінде Базекең басқаратын N2 жастар бригадасына 19.02.1980 жылы «КПСС-тың XXII-съезі атындағы» деген құрметті атақ берілді. Ол кезде, бұл бригада қызметіне көрсетілген үлкен сенім, зор баға еді. 70-ші жылдарда Б.Қосмағамбетов бригадасының іс-тәжірибесі туралы плакат, «Недра» баспасынан арнаулы кітапша және қысқа метражды киножурнал шығарылды.



Еңбек жолын 1952 жылы Доссордағы кәсіптік-техникалық училищені бітіргеннен соң бастаған Базекең, Ембідегі Қаратон, Қосшағыл және басқада барлау алаңдарындағы бұрғылау бригадалары құрамында болып, қысқа мерзімде, бас-аяғы 3-4 жылда тәжірибелі бұрғышылар қатарына қосылды. Базекеңнің алғашқы ұстаздары да осал емес еді, КПСС-тың XXII-ншы съезіне делегат болған М.К.Тарабрин, Ембі және Маңғыстауда көптеген кен орындарын ашқан Ш.Бармақов сияқты геологиялық барлау және іздестіру саласының ардагерлері еді.

Мұнай табылған 1962-1964 жылдары Жетібай мен Өзенде бұрғылау жұмыстарының көлемі күрт өсіп, қазатын бригадалардың жетіспеуіне байланысты Түрікменстан, Әзірбайжан, Татария, Башкирия сияқты басқа да мұнайлы аймақтардан уақытша мерзімге бұрғылау бригадалары әкелінді. Әрине, өзімізге қарасты Ембі мұнайшыларының бірінші келуі айтпаса да түсінікті. Солармен бірге салт келген Базекең Жетібайда бірнеше ұңғы қазуға қатысып, кейінде үйін көшіріп әкелді. Бұрғышы ретінде Жетібай алаңы және оған иіргелес жатқан Шығыс Жетібай және Қарамандыбас алаңдарындағы бұрғылау жұмыстарына қатысты. 1968 жылы Базекең бұрғылау шеберіне тағайындалынып, учаске бастығы қызметіне ауысқан Ж.Тоқжанов бригадасын қабылдап алды. Кейіннен сол бригадаға қондырғы бастығы болды. Бұрғылау шебері жұмысын Қансу алаңындағы нөмір бір деп аталатын ұңғыны бұрғылаудан бастады. Сол жылы қыс қатты болды. Күшті сықырлаған аяз бен күн шығыстан соққан бетқаратпайтын ызғарлы жел, Қансу алаңындағы №1 барлау ұңғысын қазуды желтоқсанның аяғында бастаған Базекең жігіттеріне көптеген қиындықтар ала келді. Қондырғыда қысқы жылыту жүйесі болмағандықтан, техникалық ащы сулар, балшық ертінділері қайта-қайта қатып, бұрғылауды кейде кідіртуге тура келді. Құбырлар бойындағы сұйықтарды қатырып алмау үшін, оларды ауамен үрлеп шығарып, газ атуына қарсы пайдаланылатын механизмдердің бірқалыпты жұмысын қамтамасыз етуге тура келді. Қазу барысында газ тасқыны білінгенмен, бұрғылау технологиясы ережелері талаптары қатаң сақталынып, ұңғы жобалық тереңдікке ойдағыдай жеткізілді. Сынау барысында газ тасқыны алынып, бұрынғы ашылған кен орындарының қатарына құрамында мұнай конденсаты бар, жаңа Қансу газ кен орны осылай ашылды.

70-ші жылдардың басында Үстірттің Қарақалпақстанға қарайтын бөлігінен Шақпақты мұнай, газ кен орны табылды. Геология министрлігінің мамандары және бірлестік басшылары Үстірттің Қазақстандық бөлігінен сол Шақпақтыға іргелес жатқан Өтежан, Қожантай, Самтыр алаңдарында жүргізілген геофизикалық зерттеу жұмыстары нәтижесіне сүйене отырып, ол құрылымдарда терең бұрғылауды бастау керек деп шешті. Қожантай алаңындағы бұрғылау жұмыстары Б.Қосмағамбетов

Бригадада әр кездерде тәжірибелі бұрғышылар Б.Қалиев, Т.Налыхов, К.Апақаев, А.Лысыйлар және Қ.Димағанбетов, Н.Расков сыяқты көптеген жастар жемісті еңбек етті. Жыл қортындысында үздік көрсеткіштерге жеткені үшін, олар Отан марапаттарына ие болып, жоғарғы партия, кәсіподақ, комсомол комитеттері құрамына сайланды. Бұрғышы К.Апақаевқа 1972 жылы «Қазақ КСР-ының құрметті мұнайшысы», Қ.Димағанбетовке ВЛКСМ-ның «Бесжылдық жеңімпазы» атақтары беріліп, А.Лысый шет ел орденімен марапатталынды. Маңғыстауда жаңа мұнай-газ кен орындарын ашудағы ұзақ жылғы ерен еңбегі үшін, Б.Қосмағамбетовке 1971 жылы «Еңбек Қызыл Ту», 1976 жылы «Октябрь Революциясы» ордендері тапсырылып, 1981 жылы «КСРО Мемлекеттік Сыйлығының Лауреаты» атағы берілді.

Терең бұрғылауда табыс оңайлықпен келмейді. Базекең қарауындағыларға қамқор, әрі жақсы жолдас бола білген кісі. Әсіресе, түнгі кезекте тоңып тұрғандарға жаны ашып, өзі барып пультке тұратын, жылынып келуге жер үйге жіберетін. Зор денелі, үлкен қайрат иесі, асықпайтын, саспайтын, ертегінің батырлары сияқты сабырлы Базекең жігіттердің шаршаған уақытында қол көмегін аямайтын. Жоғарғы қысыммен сұйық ертіндіні ұңғыға айдайтын қондырғы насосының ақауы бар бөлшектерін ауыстыру, шеберлікпен қатар қара күшті де талап етеді. Ондайда «Мен шебермін, тапсырманы бердім, қалайда орындаңдар» - деп қарап тұрмай, басынан аяғына дейін олармен жұмысты бірге атқарылатын. Суды, сұйық ертіндідегі дымқылды бойына тартып, аязда аяқты қаритын кирза етігінің ішіне шұлғау сыртынан қондырғы басындағы цемент қабының қағазын орап кюді жастарға жалықпай үйрететін.

Түбекте ол бармаған, болмаған барлау алаңдары сирек десек, біз онша

қателеспейміз. Ең болмағанда қондырғыға керек қосалқы бөлшектерді іздеп, талай жерді шарлағанын бригада жігіттері жыр қылып айтатын.

Базекең басқарған бригада сала бойынша талай рет үздік шығып, жарыс жеңімпазы атанғанын іс қағаздарын қарағанда білдік, мен бұрыннан да қарауында жасадым, кейіннен кәсіподақ комитетінің төрағасы, кадр бөлімінің бастығы ретінде білемін. Базекеңнің жеке атына КСРО және Қазақ КСР-ы Геология министрлері академик Сидоренко, Е.Козловский, Ш.Есенов, С.Чахабаев, Х.Өзбекқалиев, бірлестік, басқарма, трест басшылары С.Өтебаев, Е.Иванов, Б.Хахаев, С.Балғымбаев, КСРО Минстрлер Кеңесі жанындағы Ғылым мен Техника салалары жөніндегі Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар Комитетінің төрағасы академик А.Аржанников, Гурьев, Маңғыстау облыстық партия комитеттерінің сол кездегі басшылары М.Исенов, С.Мұқашев, Т.Әшімбаев және басқалары қол қойған құттықтау, алғыс хаттар жеткілікті бар екенін көрдік. Осыларға геологиялық басқарма, бірлестік, трест, кешенді экспедициядан берілген Құрмет, Мақтау грамоталарын қосыңыз.

Жалпы Базекең Маңғыстаудағы 35 жылдан астам уақытын далада, барлау алаңында өткізген азамат. 60-70 жылдарда қондырғы шебері бір-ақ адам болатын, айдың 25 күнін барлау алаңында өткізіп, үйге бар болғаны бір аптаға ғана дем алуға келетін.

Еліне, Отанына 40 жылдан астам аянбай еңбек етіп, геолог-барлаушылар мен облыс мұнайшыларының зор құрметіне бөленген Базекең 2009 жылдың күзінде 76 жасында өмірден өтті.

Өткенінді білмей саликалы қоғам құру оңайға түспейді. Жеке шауасынан қоғамдық міндеттер орындауды жоғары қойып, жасампаз еңбегі, өнегелі ісімен ел мақтанышы болған Б.Қосмағамбетовтың жарқын өмірі жастарымызға үлгі болып, оларды қажымас еселі еңбектерімен ел байлығын нығайтуға жұмылдырады деп есептейміз.

**Сатыбалды Нұрлыбекұлы,
геологиялық барлау және мұнай
іздестіру саласының ардагері,
Қарақия ауданының құрметті
азаматы, зейнеткер**



1976 жыл

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК – КӘСІБИ ДАМУДЫҢ КЕПІЛІ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өз қызметкерлерінің кәсіби өсуіне, олардың біліктілігін арттыруға және жаңа технологияларды меңгеруге ерекше көңіл бөледі. Өндірістің қарқынды дамуы мен тиімділігін арттыру жолында білім алмасу, тәжірибе бөлісу аса маңызды. Осы орайда, компанияның Қытай Халық Республикасындағы жетекші мұнай-газ компанияларымен тәжірибе алмасу бағдарламасы айрықша орын алады.



2010 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан бұл жоба екіжақты серіктестіктің берік негізіне айналды. Осы уақыт аралығында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның 204 қызметкері Қытайға барып, шеберлік сабақтарына қатысты.

Пандемиядан кейін тұралап қалған бұл бағдарлама 2024 жылы қайта жанданып, жыл соңында екі жұмысшы топ білімін жетілдіру мақсатында Қытайға барып келді. Жоба аясында олар шеберлік сабақтарына қатысып, зертханалар мен өндіріс орындарында тәжірибе жинақтады. Бастама мамандардың кәсіби дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, өндірістің тиімділігін арттыруға, жаңа технологияларды енгізуге және халықаралық әріптестікті дамытуға мүмкіндік береді. «Маңғыстаумұнайгаз» өз қызметкерлерінің кәсіби дамуына басымдық бере отырып, қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етуді, өндіріс сапасын жақсартуды басты міндет деп санайды. Себебі білікті маман – тек компанияның ғана емес, тұтас ел экономикасының тірегі.

Биыл да бұл игі бастама жалғасын тауып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашары сөзсіз. Ұдайы даму мен үздіксіз білім алу – компанияның ғана емес, елдің өркендеуінің кепілі.

➤ Назарларыңызға Қытайға жасалған сапардан естелік суреттер мен әріптесіміздің сапардан алған әсерін ұсынамыз!

Жақында біздің команда Қытай Халық Республикасына біліктілікті арттыру мен тәжірибе алмасу бойынша қызықты сапар жасады. Бұл сапар бізге заманауи өндірістер мен кен орындарына есік ашып қана қоймай, сонымен қатар осы таңғажайып елдің бай мәдениеті мен дәстүрлеріне тереңірек үңілуге мүмкіндік берді. Мұнай-газ саласында белсенді қолданылатын озық технологиялар мен инновациялармен танысу үшін ерекше өндірістік нысандарды араладық.

Чанджоу қаласындағы CNPC компаниясына тиесілі мұнайды дайындау және айдау цехына бардық, сондағы жұмыс принципін танысып, мұнайдан су, күкірт және т.б. қоспаларды айыру технологияларымен таныстық, сораптардың техникалық ерекшеліктеріне назар аударып, лабораториясын көрдік. Бәрі автоматтандырылған, цехта бір ауысымда небәрі 16 адам жұмыс істейді екен. Сол қаланың маңайындағы кенорынға барып тербелмелі станоктарын көрдік.

Циндао қаласындағы Қытай Мұнай Университетіне барып, жалпы білім базасымен таныстық. Сол жерде білім алып жатқан қазақ студенттерімен кездесіп, біраз сұхбаттастық. Жастарымыз ағылшын және қытай тілдерін жетік меңгерген.

Сапарымыздың әр күні жаңа білімдер мен әсерлерге толы болды.


Есімде қалған сәттердің бірі — Ұлы Қытай қорғанын көру болды. Бұл – табандылық пен ұлылықтың символы. Сондай-ақ Қытайдың технологиялық прогресінің нағыз символына айналған жоғары жылдамдықпен жүретін пойыздың жылдамдығы мен жайлылығын сезіндік.

Шанхай өзінің заманауи зәулім ғимараттарымен және тарихи кварталдарымен, бізге жаңа идеялар мен жобаларға шабыт берді. Инновациялар тек жеке салаларды ғана емес, тұтастай елді трансформациялай алатынын көрдік. Бұл сапар бізге орасан тәжірибе сыйлады, оны біз тек мұнай және газ саласында ғана емес, еліміздің дамуына да пайдалануға ниеттіміз. Халықаралық серіктестермен ынтымақтастық пен білім алмасудың бәріміз үшін жаңа мүмкіндіктер ашатынына сенімдіміз.

Бейжіңдегі CNPC офисінде бізді бұрынғы әріптесіміз Сюй Шиго қарсы алды. Кездесу өте жылы әрі достық жағдайда өтті, бұл әңгімелесуге жағымды атмосфера жасады. Мырза Сюй бізге компанияның қызметі туралы презентация ұсынды, онда CNPC-дің қазіргі жобалары, стратегиялары мен жетістіктері туралы егжей-тегжейлі ақпарат берілді. Компанияның негізгі серіктестері және олардың әртүрлі бастамаларды жүзеге асырудағы рөлі туралы білдік. Презентация жаңа технологияларды енгізу, өндірістік процестерді жетілдіру және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту жоспарлары туралы көп ақпаратқа толы болды. Презентациядан кейін сұрақтар қойып, бірлескен жұмыс бағыттарын талқылауға мүмкіндік алдық.

Тәжірибе алмасу бойынша сапарымыз сәтті әрі жемісті өтті. ҚХР әріптестеріміздің үздік тәжірибелері мен тәсілдерімен танысу үшін ерекше мүмкіндік болды. Жаңа идеялармен және шабытпен оралдық, оларды міндетті түрде өз жұмысымызда іске асыруға тырысамыз.

Айдын Сенсізбай
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ,
өндірістік техникалық
департаментінің жетекші инженері.



ЖОЛ МАМАНЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ЕРЕН

Өндірістің қарбалас тірлігінде мамандық көп, солардың ішінде жол саласы мамандарының жауаптылығы мен рөлі ерекше. Жалпы жол - мемлекет үшін стратегиялық маңызға ие, елдің экономикасының негізі, өмір сапасы мен қауіпсіздігінің кепілі. Ал мұнай-газ саласында жол көлік қатынасы мен жұмысшылардың қозғалысын қамтамасыз ететіндіктен сала мамандарына артылар жүк ауыр.

Сәрсенбай Сақтағанов – осындай жауапты мамандықтың иесі, тәжірибелі жолшы. Ол «Oil Construction Company» серіктестігінде 20 жылдан астам уақыт қызмет атқарып келеді. Еңбек адамы, өз ісінің маманы Сәрсенбай өндірістің аумағындағы жолдарды жасайды, қара жерге із салу ісінің басынан аяғына дейін бақылауға алады: топырағын төктіреді, шебін мен асфальт төсетеді, әртүрлі материалдармен жұмыс істей отырып, сапасының жоғары болуын қадағалайды. Бір ауысымда жоспарлы бірнеше шақырымға дейінгі жолды төсейді, олар 2 жол жұмысшысы болып қызмет атқарады. Күнделікті жұмыста озық техника мен заманауи құрал-жабдықтарды қолданумен қатар кейде жолшы қара күректі де қолына алады.

Жол маманының жұмысын кейде қар мен жаңбырдың жаууы, шық түсіп, боранның соғуы сынды табиғаттың түрлі құбылыстары қиындатады, сондай кезде күш-қуатпен қоса білім-білікті сарп етіп, межелі жерге жетуге жан салады. Күннің ыстығы да жол жұмыстарына оңай бола

қоймайтынын, өйткені көліктің мүмкіндігі төмендеп, күректі қолға алуға тура келетінін айтады.

«Жол маманы топырақтың қасиетін, құм, асфальт төсеудің тәсілдерін жете білуі қажет. Жол жұмыстары далада жасалатындықтан табиғат құбылыстарының бәрі әсер етеді. Алайда дағды мен білімді игерген кәсіби мамандардың арқасында алынбайтын қамал жоқ. Арамызда өздерінің өнегелі істерімен өзгелерге үлгі болып жүрген ағаларымыз, артымыздан ерген інілеріміз бар. Бәрі де компанияның абыройы үшін қызмет жасап жүр», дейді ол.

Сәрсенбай Сақтағановтың өмірі мен еңбек жолы – ел үшін қызмет етудің үлгісі. Оның қажырлы еңбегі мен адалдығы жол саласының маңызын ұғындырады. Сәрсенбай сияқты еңбекқор мамандардың арқасында біз заманауи әрі қауіпсіз жолдарда жүріп-тұра аламыз.

Индира Сәтенбай
«Oil Construction Company» ЖШС



2025 жылға арналған «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС Бірінші басшының еңбек ұжымымен есептік кездесулерінің кестесі

«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС

Бас директоры - Косбаев Нурдаулет Рахимович

№	Бөлімшенің атауы	Өтетін уақыты	
		Бірінші есеп беру кездесуі (2024 жылғы есеп)	Екінші есеп беру кездесуі (I-жартыжылдық есебі 2025 жыл)
1	"Каламкас" кен орны: - ӨЭҚ-1 «Каламкас» - ЭМЦ Каламкас - РҚ, АжСҚ Каламкас - ӨҚ ГТЭС «Каламкас»	13.02.2025	13.08.2025
2	"Жетібай" кен орны: - ӨЭҚ-2 «Жетібай» - ЭМЦ Жетібай - РҚ, АжСҚ Жетібай	25.02.2025	15.08.2025
3	Ақтау қаласы, 4-өндірістік аймақ, 5 ғимарат - ӨЭУ «Ақтау» - ӨБП - ӨӨЭҚ	21.02.2025	14.08.2025

Ескерту:

- Бірінші басшының еңбек ұжымымен есептік кездесуі жылына екі рет өткізіледі:
- бірінші наурызға дейін - өткен жылдың қорытындысы бойынша;
- бірінші қыркүйекке дейін-жартыжылдықтың қорытындысы бойынша.
- Кездесулер аяқталғаннан кейін "Маңғыстауэнергомұнай" ЖШС құрылымдық өндірістік бөлімшелерінің бірінші басшысы аралайды. Өндірістік

объектілерді аралау құрылымдық бөлімшелер басшыларының, сондай - ақ бас директордың орынбасарларының және бөлімдер мен топтар басшыларының қатысуымен жүргізіледі: ең өзекті мәселелер сол жерде пысықталады, орындауды талап ететін позициялар бойынша жоспар-іс-шара әзірленеді, аралау қорытындылары бойынша хаттама жасалады.
3. Кесте күндері өзгеруі мүмкін, қажет болған жағдайда кезектен тыс кездесу өткізіледі.

2025 жылға арналған "Маңғыстауэнергомұнай" ЖШС қызметкерлерінің кәсіподақ комитетінің өкілдерімен «МЭМ» басшылығының кездесу кестесі

№	Жауапты	2025 жыл			
		I	II	III	IV
1	«МЭМ» ЖШС Әкімшілігінің өкілдері «МЭМ» ЖШС кәсіподақ өкілдері	28.03.2025	27.06.2025	26.09.2025	26.12.2025

Ескерту:

- Кәсіподақтармен неғұрлым өзекті мәселелер бойынша кездесу (консультация): ұжымдық шартты орындау, еңбек тәртібінің жай - күйі, еңбек ұжымының өтініштерін қарау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері,

әлеуметтік жеңілдіктер мен өтемақылар беру және басқа да әлеуметтік маңызды мәселелер. Шамамен: айдың әр соңғы (соңғы) сейсенбісі, қажет болған жағдайда кезектен тыс кездесу өткізіледі.

«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТАУ-ТАСЫ
ТАРИХТАН СЫР ШЕРТЕДІ

Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен шатқалы тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс.

Бозашының қарт Каспийге сұғынған тұмсығында орналасқан, жан-жағын адам аяғы баса алмайтын сор қоршаған бұл кен орын – қасиетті Қаламқас апаның құрметіне қойылған. Аңыз-әбсаналарды сөйлетер болсақ, Қаламқас ару – ат құлағында ойнаған шабандоз әрі мерген, қиынқыстау замандарда Адайдың бір ауылын аңшылықпен асыраған қызы ретінде сақталған. Тіпті жау жағадан қысқан кезде еркек кіндіктілермен үзеңгілес жүріп жерін қорғаған батыр қызы болып ел есінде қалған.

Батыр апамыздың атын иеленген қасиетті кен орын «Қаламқасмұнайгаз» былтыр 45 жылдығын атап өтті. Осы айтулы мереке аясында кенішімізде бірнеше тың жобалар жүзеге асырылды. Осындай ауқымды шаралардың бірі, әрі негізгісі – Өндірістік Басқару Әкімшілік ғимараты алдында орналасқан ескі бұрқақ орнына кен орын тарихынан сыр шертетін «Қаламқас апа» композиция-мүсінінің орнатылуы. Үш бөліктен тұратын бюсттің негізгі бөлігі «Қаламқас апа» бейнесі, қалған екі бөлігі Маңғыстаудың мақтанышы «Шерқала тауы» және «мұнай атрибуттары».

Ескерткіштің авторы - белгілі суретші, әрі сәулетші Мырзабай Дүйсекеңұлы Епенов. Мүсіншілер - "ҚМГ" ӨБ ӘМТ инженері Шыңғыс Сәбитұлы Жармағанбетов пен "ҚМГ" ӨБ ГӨДЖТЦ



слесарь-жөндеушісi Мереке Өтеғалиұлы Өтеғали. Сонымен қатар бұл жобаның аяқталуына мұнайшылар да атсалысты. Кен орын қызметкерлерінің ауыз-біршілігі мен қажылы еңбегінің арқасында бұл сәулет өнері уақытылы бітіп, ел игілігіне берілді.

Бұл композиция-мүсіннің орнатылуында үлкен мән бар. Тарқатар болсақ, Шерқала тауы – Маңғыстаудың ерекше, тарихқа толы тауы. Еліміздің экономикасын өрге сүйреуші негізгі күші – қара алтынымызға арналған кішкене ақпарат «мұнай атрибуттарынан» көрініс тапты. Ескерткіштің жоғарғы жағында ақын Оңайгүл Тұржанның «Қаламқас» атты поэмасынан бір шумақ өлеңі жазылған. Композициядағы Қаламқас апа бейнесі –

дала кезіп жүрген аң, құс, тіпті киіктің де киесі бар екенін, оларды шамадан тыс жазым етпеуге, олай болмаған жағдайда дала кезіп жүрген апа әруағы жануарларға қорған болатынын ескертіп тұрғандай.

Бұл кешен – Маңғыстаудың бай тарихы, таңғажайып табиғаты және ұлттық құндылықтары мен ел бейбітшілігін дәріптейтін мәдени-рухани мұра. Ол халқымыздың өткені мен бүгінін байланыстырып, болашақ ұрпаққа рухани жол көрсетеді. Тарихты ұмытпау және мәдениетті ұлықтау – біздің ұлттық парызымыз. Бұл кешен – сол парыздың орындалуының көрінісі.



«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ ӨМІРЛІК МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАЛАРЫ

- ▶ «Өмірлік маңызды қағидалар» - бұл жазатайым оқиғалар мен өндірістік тәуекелдердің алдын алудың қарапайым, түсінікті және сенімді әдісі.
- ▶ Бұл қағидаларды «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның барлық қызметкерлері мен мердігерлері сақтауға міндетті. «Өмірлік маңызды қағидаларды» ұстану - адам өмірін сақтаудың ең маңызды тәсілі.
- ▶ Біздің жұмысшыларымыз, басшылығымыз, қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен өндірістік құрылымдық бөлімшелер басшылары, сондай-ақ мердігерлеріміз бұл мәселеде жауапкершілікті көрсетеді және осы қағидаларды сақтайды деп сенеміз.
- ▶ Жұмысшылардың қауіпсіздігі әрқашан біздің маңызды басымдықтарымыздың бірі болып қала береді.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның саясаты келесідей қағидаларды көздейді:



«Өмірлік маңызды қағидалар» бойынша толық ақпарат алу үшін ұялы телефон арқылы QR-code бойынша өтіңіз



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ
Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: - С. Галидуллин
- Л. Жолдыбаева
Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 211-861
211-885, 212-194
Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
күелігі берілген

▶ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
▶ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
▶ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265

«Атис» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы,
«Дукат» ТҮ, 17 ш.а.,
1 үй, 3 кеңсе
тел: 8(7292)525 500